

Д. Қапият, 1-курс

Ғылыми жетекші — Қ. Қ. Адильбекова, жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заңтану магистрі

(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)

Құқықтық сана құқықтың рухани бастауы ретінде

Кез келген қоғамның құқықтық санасының жай-күйі нақты тарихи құқықтық жүйенің даму деңгейінің негізгі көрсеткіші болып табылатындығы сөзсіз дейтін болсақ, қазіргі қоғамымызда жүргізіліп жатқан жаңартулар мемлекет аумағының барлық жерінде заңдардың үстемдік етуін қамтамасыз етумен қатар, құқықтық тәртіптің қалыптасуына жағдай жасай отырып, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына кепілдік беруі қажет. Жандандыруға қатысты шаралардың нәтижелілігі қоғамда қалыптасқан құқықтық сананың деңгейімен тікелей байланысты болады, себебі қоғамдағы барлық әлеуметтік топтардың осы үрдісте қаншалықты дәрежеде, саналы және белсенді түрде қатысуы құқықтық сана деңгейіне байланысты болады. Сол себепті, нақты уақытта экономикалық, әлеуметтік, саяси мәселелердің табысты шешілуі тұлғаның құқықтық санасын көтеру, әрбір азаматтың бойында заңға деген құрмет сезімін тәрбиелеу, олардың құқық нормаларының талаптарын күнделікті өмірлерінде бұлжытпай пайдалану дағдысын қалыптастыру мәселелері қоғамдағы құқықтық сана деңгейін көтерусіз мүмкін болмайтындығы айдан анық¹. Осы байланыста құқықтық сананы — тұлғаның заңға сәйкес әрекет жасау дағдысының қалыптасуына қажетті шарт және маңызды алғышарттардың бірі ретінде қарастыруымызға болады. Жоғарыда аталған мәселелер тұрғысында табысты әрекеттер жүргізбейінше азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы, құқықтық жаңартылулардың жүзеге асырылуы мүмкін болмайды. Құқықтық сана құқықтың рухани бастауы бола отырып, қоғамдық қатынастарға, құқықтық тәртіпке мәнді әсер ете алады, сондай-ақ, тұлғаның құқықтық белсенділігінің дамуының бастаушы шарты болып табылады. Осылардан барып құқықтық сананың құқық пен мемлекет туралы ғылымдағы негізгі нормативті-ұйымдастырушылық категория ретіндегі қажеттілігі туындайды. Аталғандардан барып құқықтық сананың қоғамдық өмірді ұйымдастыруға әсері өте зор деген түйін туындайды және оның қоғамдық қатынастарды реттеуге әсер ету құралы ретінде құқықтық реттеу механизміне кірігізілуі түсіндіріледі. Құқықтық сананың алатын орнының құқықтық әсер етудің бір ғана кезеңімен шектеліп қалмайтындығы, оның құқықтық реттеу механизмінің бір құрамдас бөлігі ретіндегі ерекшелігін құрайды. Ол құқықшығармашылық сатысының жұмысына қалай кірісетін болса, құқықты жүзеге асыру сатысында да сондай орын алуы тиіс, яғни құқықтық реттеу механизмінің барлық элементтерінде, яғни құқық нормаларында, құқықтық қатынастарда және құқықты жүзеге асырудың барлық актілерінде өз орнын табуы қажет. Құқықты жүзеге асыру, заңи құқықтар мен міндеттердің өмірге енгізілу сатысында да құқықтық сана зор мәнге ие болады. Сана, сезім, ерік сияқты қасиеттер адам қызметінің барлық салаларында, соның ішінде құқықтық саласындағы әрекеттерін басқарып, реттеп отыратындығын адамның өмір сүру барысы анық көрсетіп отыр. Сондықтан да, адамның қоғамдағы әрекетінің құқыққа сай, әлеуметтік пайдалы немесе құқыққа сай емес, қоғамға зиянды, қауіпті болуы қоғамдағы құқықтық сананың деңгейі, сапасы, сипаты және мазмұнына байланысты болады. Құқықтық сана қоғамның құқықтық өмірін жетілдіру және дамыту кезінде де

маңызды қызмет болып танылған. Біріншіден, ол құқық нормаларын қалыптастыру кезінде қажетті шарт болып табылады, себебі құқықтық нормалар құқық шығарушы органдардың саналы, ерікті қызметінің жемісі. Адамдардың белгілі бір мүдделері мен қажеттіліктері заң нормаларында орын алмас бұрын құқық қалыптастырушы адамдардың еркі мен санасы арқылы өтеді. Сондықтан да, құқық нормаларының сапасы, олардың қоғам дамуының қажеттіліктеріне сәйкестігі құқық шығарушылардың құқықтық көзқарастарының, құқықтық саналарының деңгейімен тығыз байланысты болады. Екіншіден, құқықтық сана құқық нормаларының дәл және толық жүзеге асуының қажетті шарты болып табылады. Құқық нормаларының талаптары тікелей адамдарға бағытталғандықтан, солардың саналы және ерікті қызметі арқылы орындалады. Мемлекеттегі азаматтардың құқықтық санасы жоғары болған сайын құқық нормаларының талаптары да дәлірек орындалады. Дамыған құқықтық сана құқық талаптарының ерікті, саналы түрде жүзеге асырылуын, олардың дұрыстығын түсінуді қамтамасыз етеді. Ол адамдарда құқықтық тәртіптің бұзылған жағдайларын байқаған кезде белсенділік таныту сезімін тудырады. Сонымен, құқықтық сана мемлекеттегі құқықтық тәртіптің қалыптасуы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының шынайылығы, заңдардың дамуы кезінде маңызды шарт болып табылады. Жетілген құқықтық сана қоғамдағы тұлғалардың жоғары дамыған жалпы және құқықтық мәдениетінің куәсі болып табылады, оларды қоғамда туындаған әртүрлі құқықтық қатынастардың толық саналы қатысушылары ретінде танытадыⁱⁱ. Сонымен, құқықтық сана дегеніміз — бұл адамдардың құқыққа деген қатынасын көрсететін түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен бағалаулардың жиынтығы түріндегі қоғамдық сананың ерекше нысаны, адамдардың жаңадан қабылданған заңдарға, нормативтік актілердің нақты жобаларына және т. б. деген оң немесе теріс көзқарастары. Қазіргі уақытта адамдар өте күрделі, жан-жақты құқықтық ақпарат алуға ұмтылуда. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және лауазымды тұлғалар әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және өзге де актілермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Осындай қажеттілік, әсіресе құқықтық мемлекет құру, қоғамдағы ескірген заңдарды қайта қарап, жаңа заңдар қабылдау кезеңінде арта түспектігінⁱⁱⁱ ескере отырып, қазіргі қоғамдағы құқық нормаларының сапасы олардың қоғамдық даму қажеттілігіне сәйкес келіп, ол нормаларды құратын органның құқықтық көзқарасы халықтың құқықтық санасының деңгейімен тығыз байланыста болатын болса — нұр үстіне нұр болар еді.

ⁱ Кузнецов Э. В. Кризис современного правосознания // Правоведение. — 1994. — № 3.

ⁱⁱ Фарбер И. Е. Правосознание как форма общественного сознания. — М., 1963.

ⁱⁱⁱ Баймаханов М., Вайсберг Л. М., Бейсенова А. А., Ибрагимов М. А., Котов А. А. Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода. — Алматы, 1995.